

A decorative frame with a golden, metallic finish and a wavy, ribbon-like border. The background is filled with various autumn leaves in shades of yellow, orange, and red. The text is centered within the frame.

«Адам болам десеніз...»

ашық тәрбие сағаты

Сабақтың мақсаты:

Абай жас ұрпаққа өмір сүруді үйретіп, оның болашақ өсу, даму жолдарын байқатар басты нәрсе – ғылым деп көрсетеді. Әдепті болуға үйрету жақсылыққа тәрбиелеу болып табылады. Үйрету, үлгі көрсету, жақсыға жанастыру, дағдыландыру, жақсы салтты дәстүрге айналдыру, яғни игілікті іс-әрекетті қалыптастыру. Саналы азамат болып сапалы өмір сүру үшін, ғылымды үйреніп, тәлімге тәнті болу керек. Азбайтын, тозбайтын басты байлығымыз – білім мен ғылымды жастардың санасына сіңіру.

Ой толғау

Неден жирену керек?

Неге үйрену керек?



**Адам өмір бойы өзін-өзі тану, адамгершілік
құндылықтарға үйрену, жақсы қасиеттерді өз
бойына дарыту арқылы кемелденуге
ұмтылады.**

Ән: “Жаным қазақ”

Орындайтын: Майлыбай Алтынбек





Хор: “Көзімнің қарасы”



Әдеби МОНТАЖ



«Жалғасын тап» ойыны.

1. «Оқусыз білім жоқ, ...»

2. Еңбектің наны тәтті, ...»

3. Күш – білімде, ...»

4. Қына тасқа бітеді, ...»

5. Әдепті бала ата-анасын мақтатар, ...»

6. Кітап – білім бұлағы, ...»

7. Ғылым - теңіз, ...»

8. Еңбек адамның көркі, адам»

“Қайрат, ақыл, жүрек айтысы”

КӨРІНІС



Қайрат
ақыл
жүрек

17

ҚАҒА СӨЗ

үшеуі өнерлерін айтысып, таласып
келіп, ҒЫЛЫМҒА жүгініпті.



Жүрек Айнасы



“Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста”



Жағдаяттар: Не істер едің?

1

2

3

4

5



•Ерлан байқамай Анарды итеріп қалды. Анар қатты ашуланды да, жағымсыз сөздер айтып тастады. қалай ойлайсың, кімдікі дұрыс?



- Сабаққа кешігіп қалдың, орның бос емес. Артқы партада бос орын тұр. Орныға отыруың керек пе?



- Сен велосипедпен жарысқа қатынасып жатырсың. Жарысып келе жатырғанда жолдың шетінде жолдан өтпек боп тұрған қарияны көрдің. Жол беріп өткізіп жіберсең, жолдастарыңнан қалып қоясың. Сен не істер едің?



- Сен сыныптасыңмен бірге автобуска мініп, алдыңғы орындыққа отырдың. Себебі артқы орындықта орын жоқ. Келесі аялдамада бір үлкен кісі мінді. Сен үлкенкісіге орын бересің бе, әлде жолдасыңның тұрып орын бергенін күтесің бе?



•Саған анаң өзі жұмыстан келгенше үйді жинастырып қоюды тапсырды. Сен достарыңмен ойнап жүріп бұл өтінішті ұмытып кеттің. Анаң жұмыстан келіп, өзі үйді жинап қойыпты. Сен келгенде анаң ренжулі еді. Сенің әрекетің?



Ән: “Әсемпаз болма әрнеге”





Сергіту сәті



Сұрағыма зейін сал!



Онсыз өмір сүру, тіршілік ету мүмкін емес. Оны адамдар бір-біріне тілейді. Әсіресе, құттықтау хатқа «бірінші байлық» деп жазамыз. Ол не?

Сұрағыма зейін сал!



Өмір жақсы болу үшін оны әр адам армандайды. Ешкім оны қайдан іздеу керектігін білмейді, және былай айтады: "Өзің сол үшін күрес, сонда саған өзі келеді".

Сұрағыма зейін сал!



Ол бізге әрдайым қажет, сондықтан оны жол жүретін адамға тілейміз. Ол кімге серік болса, сол бақытты болады. Ол болған кезде «О, сәті түсті!» - деп қуанады.

Сұрағыма зейін сал!



Ол ешкімге сыйлық сыйлауды,
ешкіммен бөлісуді ұнатпайды.
Одан ештеңе сұрауға болмайды,
бәрібір ол бермейді. Ол не?

Сұрағыма зейін сал!



Ол барлық адамда болуы тиіс.
Біреуді ренжітсең немесе істі
дұрыс
орындамасаң ол сені қинайды. Ол
нағыз адам болып қалыптасуға
көмектеседі.

Сұрағыма зейін сал!




Барға риза болып, місе тұтып,
Алла Тағаланың бергеніне шүкір
етіп жүретін адамды қандай адам
дейміз?

Хор: “Желсіз түнде жарық ай”

**Желсіз түнде жарық ай,
Сәулесі суда дірілдеп,
Ауылдың жаны терең сай,
Тасыған өзен күрілдеп.**

**Қалың ағаш жапырағы
Сыбырласып өзді-өзі,
Көрінбей жердің, топырағы,
Құлпырған жасыл жер жүзі.**

**Тау жаңғырып, ән қосып
Үрген ит пен айтаққа.
Келмеп пе едің жол тосып
Жолығуға аулаққа?**



Сау болыңыздар!



Назарларыңызға рахмет!